

**«Alтын Банк» Акционерлік қоғамы (China CITIC Bank Corporation Limited Еншілес  
банкі) акционерлерінің Кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама**

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 41 бабының 1 тармағына сәйкес «Alтын Банк» Акционерлік қоғамы (China CITIC Bank Corporation Limited Еншілес банкі) (бұдан әрі - Банк) Директорлар кеңесі (2025 жылғы 14 қарашадағы № 16 хаттамасы) шешіміне сәйкес Банк акционерлерінің Кезектен тыс жалпы жиналысын (бұдан әрі - Жиналыс) өткізу туралы хабарлайды.

**1. Банк атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері:**

«Alтын Банк» Акционерлік қоғамы (China CITIC Bank Corporation Limited Еншілес банкі), Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, А05А1В9, Абай данғылы 109 «В».

**2. Жиналысты шақыру бастамашысы туралы мәліметтер:**

Банктің Директорлар кеңесі (2025 жылғы 14 қарашадағы № 16 хаттамасы).

**3. Жиналыстың өткізілетін күні, уақыты және орны, Жиналысқа қатысушыларды тіркеу басталатын уақыт, сондай-ақ егер алғашқы Жиналыс өткізілмесе, өткізілуге тиісті болған Жиналысының қайта өткізілетін күні және уақыты:**

- 1) Жиналыстың өткізілетін күні: 2025 жылғы 18 желтоқсанда;
- 2) Жиналыстың өткізілетін уақыты: 10 сағат 00 минут (Алматы уақыты бойынша);
- 3) Жиналыстың өткізілетін орны: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, А05А1В9, Абай данғылы 109 «В», 19 қабат, кабинет 1903, Басқарма отырыс залы;
- 4) Жиналысқа қатысушыларды тіркеу уақыты: 09 сағат 00 минуттан бастап 09 сағат 45 минутқа дейін (Алматы уақыты бойынша);
- 5) егер алғашқы Жиналыс өткізілмесе, өткізілуге тиісті болған Жиналысының қайта өткізілетін күні және уақыты: 2025 жылғы 19 желтоқсанда 10 сағат 00 минут (Алматы уақыты бойынша), өткізілмеген Жиналыс болатын орнында, қайта Жиналыстың қатысушыларды тіркеу уақыты: 09 сағат 00 минуттан бастап 09 сағат 45 минутқа дейін (Алматы уақыты бойынша).

**4. Жиналысқа қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күн:**

2025 жылғы 1 желтоқсан 00 сағат 00 минут.

**5. Жиналыстың күн тәртібі:**

1. Банк акционерлерінің Кезектен тыс жалпы жиналысы күн тәртібін бекіту.
2. Банктің Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату.

«Alтын Банк» Акционерлік қоғамы  
(China CITIC Bank Corporation  
Limited Еншілес банкі)  
Қазақстан Республикасы, А05А1В9  
Алматы қ., Абай даң. 109В  
тел: +7 (727) 356 57 77  
e-mail: info@altynbank.kz  
www.altynbank.kz

Акционерное общество «Alтын Банк»  
(Дочерний банк China CITIC Bank  
Corporation Limited)  
Республика Казахстан, А05А1В9  
г. Алматы, пр. Абая 109В  
тел: +7 (727) 356 57 77  
e-mail: info@altynbank.kz  
www.altynbank.kz

JSC «Alтын Банк»  
(SB of China CITIC Bank  
Corporation Limited)  
109V Abay ave., A05A1V9  
Almaty, Republic of Kazakhstan  
тел: +7 (727) 356 57 77  
e-mail: info@altynbank.kz  
www.altynbank.kz

018656

### 3. Банктің Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 43 бабының 4 тармағына сәйкес акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысының күн тәртібіне:

1) қоғам акционерлері жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін он бес күннен кешіктірілмей толықтырулар туралы хабардар етілген жағдайда, қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленетін акционерлер немесе директорлар кеңесі ұсынған осындай толықтырулар;

2) егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын және қоғамның дауыс беретін акцияларының кемінде тоқсан бес пайызын жиынтығында иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі енгізілуіне дауыс берсе, өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

### 6. Банк акционерлерін Жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен таныстыру тәртібі:

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 44 бабының 4 тармағына сәйкес Жиналыс күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар акционерлер танысуы үшін Банк Басқармасы орналасқан жерде Жиналыс өткізілетін күннен он күн бұрын дайын әрі қолжетімді болады.

Банк акционері сұратқан жағдайда, Жиналыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар оған сұрау келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жолданады, бұл ретте құжаттар көшірмесін әзірлеу және құжаттарды жеткізу шығындарын Банк көтереді.

Жиналыс өткізуіне қатысты ақпаратпен +7 (707) 993 04 88 телефондарға хабарласып танысуға болады.

### 7. Жиналыс өткізу тәртібі:

Жиналыс ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі.

Тіркелушінің жеке басын куәландыратын құжаты болу қажет. Акционердің өкілі Жиналысқа қатысуға және дауыс беруге өкілеттігін растайтын сенімхат немесе акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүддесін қорғауға құқығын растайтын құжат ұсынуы тиіс.

Жиналысқа қатысатын акционер, егер оның өз акционерлерінің (қатысушылардың) тіркелген елі туралы ақпарат Банкте жоқ болса, өтінішті табыс етуі тиіс, онда осындай акционерлердің (қатысушылардың) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңының 17 бабының 5 тармағыдағы талаптарын орындағаны көрсетіледі. Өтініш нысаны <https://altynbank.kz> Банктің корпоративтік сайтында орналастырылған.

Көрсетілген өтінішті табыс етпеген акционер Жиналысқа қатысуға жіберілмейді.

Өтініште көрсетілген ақпараттың дәйексіздігі анықталған немесе Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңының 17 бабының 5 тармағыдағы талаптарының бұзылуы анықталған кезде:

1) егер шешім үшін дауыс беретін акциялардың көпшілігі (өтінішті табыс еткен акционердің дауыс беретін акцияларын есепке алмағанда) дауыс берсе, Жиналыстың шешімі осы акционердің дауысы есепке алынбай қабылданды деп есептеледі;

2) егер өтінішті табыс еткен акционердің дауысы шешуші болса, аталған мән-жай уәкілетті органның не өзге де мүдделі тұлғалардың талабы бойынша Жиналыстың шешімін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жарамсыз деп тану үшін негіз болады.

Жиналысқа келген акционер (акционердің өкілі) тіркелуге міндетті.

Тіркелуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворум анықталған кезде есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

Акционерлердің Жиналысы кворум болған жағдайда жарияланған уақытында ашылады. Акционерлердің Жиналысы Жиналыстың төрағасы мен хатшысын сайлайды, дауыс берудің – ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша) нысанын белгілейді.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 50 бабының 1 тармағына сәйкес Жиналыста дауыс беруге құқығы бар әр тұлғаға Жиналыс өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыстан беруді қоспағанда, бір дауыспен дауыс беру ұсынылған жағдайдан басқа, Жиналыста дауыс беру «бір акция – бір дауыс» принципімен жүзеге асырылады.

Жиналыс өткізу барысында оның төрағасы қаралып отырған мәселе бойынша пікірталасты тоқтату туралы, сондай-ақ ол бойынша дауыс беру тәсілін өзгерту туралы ұсынысты дауысқа салуға құқылы.

Төраға мұндай сөз сөйлеу Жиналыс регламентінің бұзылуына алып келетін немесе бұл мәселе бойынша пікірталас тоқтаған жағдайларды қоспағанда, күн тәртібіндегі мәселені талқылауға қатысуға құқығы бар тұлғалардың сөз сөйлеуіне кедергі болуға құқылы емес.

Жиналыс өзінің жұмысында үзіліс жариялау туралы және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, оның ішінде Жиналыс күн тәртібіндегі жекелеген мәселелердің қаралуын келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

Жиналыс күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралып, олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялауға болады.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 52 бабының 1 тармағына сәйкес, Жиналыс хаттамасы Жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жасалып, қол қойылады.

## **8. Оларға сәйкес Жиналыс өткізілетін Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормалары.**

Жиналыс Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 35, 36, 37, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 50, 51, 52 баптарына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңының 17 бабының 5 пен 5-1 тармақтарына сәйкес жүргізіледі.

**Басқарма Төрағасы**



**Байсынов М.Б.**

Орынд. Нусипбекова А.К., тел.: +7 (701) 639 50 40  
[Nusipbekova.Ar@altynbank.kz](mailto:Nusipbekova.Ar@altynbank.kz)